



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2024 жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	-Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. -Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; -Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; -Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолмен және бір қолмен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);
	Сөйлеуді дамыту	-Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: -Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. -Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. -Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып. -Ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. -Шешендікке, сөз өнеріне баулу: -Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	<p>-Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>-Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру:</p> <p>-Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.</p> <p>- Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>-Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.</p> <p>-Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.</p> <p>-Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>-Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Құрастыру	<p>-Қағаздан құрастыруға үйрету:</p> <p>-Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу.</p> <p>-Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру;</p> <p>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
Сурет салу	<p>-Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу,</p> <p>-Элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>-Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.</p> <p>-Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Мүсіндеу	<p>-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру:</p> <p>-Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p> <p>-Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды</p>

		<p>киюда қолдану.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>-Тар жолақтарды көлденеңінен киюды, шаршының бұрыштарын киюды үйрету.</li><li>-Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</li><li>-Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</li></ul>
	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>-Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</li><li>-Таныс әндерді орындау.</li><li>-Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</li><li>-Ережесін білу, үйрену</li></ul>